

ГЕРМАНИЯДАҒЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІ





Шетелде білім беру өте сапалы жүреді, соған қарай ақысы да қымбат тұрады. Дамыған елдер студенттердің білім алу дәрежесіне баса назар аударады. Сондай елдердің біріне Германия кіреді. Неміс халқы жаратылысынан туралықты ту етіп ұстайды. Олар бос сөзділікті, жеңіл қарым-қатынасты көтере алмайды. Айтылған сөздің бәрін бірден іс жүзінде көріп отыруды қалайды. Немістер үшін сапалы білім – жетістік желкені, бір ғана адамның сәттілігі емес, бүкіл елдің дамуы деп ұғады. Германияның барлық ЖОО-лары негізгі үш түрге бөлінеді: терең білімге құрылған классикалық университеттер, техникалық және педагогикалық бағытқа бөлінген колледждер және бір ғана бағытқа баратын жоғары мектептер. Іргетасы қаланғаннан кейін олар оқудың көп бөлігін тәжірибеде өткізеді.



- Барлық Жоғары оқу орынында мекемеге келген студент алдымен екі жыл базалық білім алады. Содан кейін ғана өз мамандығының маңайын енеді. Мемлекеттік емтихан тапсырып, жақсы көрсеткіш көрсеткенде ғана диплом қолдарына тиеді. Германия Жоғары оқу орнына түсу үшін тек орта мектептен алған біліміңіз жарамайды. Сонымен бірге, міндетті түрде, неміс және ағылшын тілдерін үйрететін, басқа да дайындық курстарын оқып қана ЖОО-ға түседі.

- Германияда балалар бастауыш мектептегі оқуды 6 жасынан бастауға міндетті. Алғашқы бастауыш бөлігінде олардың барлығы ортақ бағдарлама бойынша бірдей деңгейде оқып, білім алады. Басты мақсат - балаларға ілгерідегі оқуды жалғастыруға мүмкіндік беретін білім. Ал, университеттік білім алу үшін гимназияда оқып, оның қабырғасынан жоғары сапалы біліммен шығуға тиіс. Гимназиядағы оқу 7 жылға созылады: төменгі сатысы - 7-10 сыныптар, жоғары сатысы - 11-13 сыныптар. Гимназияның басты мақсаты - барлық пәндерден терең білім беру, жаңа мәліметтерді өз бетінше меңгеру дағдыларын дамыту, оқушыларды ақпараттарды ғылыми әдістер бойынша жинау мен сұрыптау жолдары арқылы таныстыру, қысқасы, алдағы университеттегі оқуға оқушыны жан-жақты дайындау негіздерін үйрету. Германияда оқушылардың әрқилы икемділіктері мен бейімділіктеріне орай мектептердің бірнеше түрі қызмет етеді. Бұл мектептердің әрқайсысының түлектерінің статусы мен олардың потенциалдық мүмкіндіктері де әрқилы.



Дрезден университеті

Қазақ ұлттық аграрлық университет

- Дрезден техникалық университеті - Дрезден мен Саксонияның ірі жоғары оқу орындарының бірі. Дрезден техникалық университеті – студенттерінің саны жөнінен Германияның техникалық жоғары оқу орындары арасында алдыңғы орында тұр. Онда шамамен 37 000 студент оқиды және 8000 астам қызметкер жұмыс істейді.



Вестфаль Вильгельм университеті

- Вильгельм университеті тарихы терең, ірі университет. Германия елінде орналасқан. Өте жоғары дәрежеде білім беріледі. 30 факультет бойынша 130 мамандықты қамтиды.



Технический университет Мюнхена

